



05 Қыркүйек 2025 ж. №01-05-07/604

"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Пресс-релиз

"Транзит" тасымалдарды қадағалаудың ақпараттық жүйесін өнеркәсіптік пайдалануға енгізу туралы

"Ғарыштық техника және технологиялар институты" ЖШС (бұдан әрі – Институт) инвесторларды, серіктестерді және мүдделі тараптарды Жалғыз қатысушының (Қазғарыштың 2025 жылғы 29 тамыздағы № 449/НҚ бұйрығы) "Транзит" тасымалдарды қадағалаудың ақпараттық жүйесін өнеркәсіптік пайдалануға енгізу туралы қабылдаған шешімі туралы хабардар етеді.

Институт ақпараттық жүйені өнеркәсіптік пайдалануды, сондай-ақ оның одан әрі дамуы мен функционалдығын кеңейтуді қамтамасыз етеді.

"Транзит" АЖ мақсаттары

- тауарларды заңсыз өткізудің жолын кесу.
- жолдағы қосымша тексерулерді болдырмау есебінен транзиттік тасымалдау уақытын қысқарту;
- ҚҚС бойынша түсімдердің өсуі есебінен мемлекеттік бюджет кірістерінің ұлғаюы;

Басшылық түсіндірмесі

Институт директоры Ө. Қ. Тойшыбеков: "Транзитті" өнеркәсіптік пайдалануға енгізу жүйенің ауқымды қолдануға дайын екенін және бизнес пен мемлекеттің сұраныстарына сәйкес дамитынын білдіреді. Біз оны басқа цифрлық қызметтермен интеграциялауға, тасымалдаудың жаңа форматтарын

DOC ID KZ92Y3L202500007271CA495E1



қолдауға және үздік халықаралық тәжірибелерге сәйкес келетін платформа ретінде қарастырамыз.

Ғарыштық техника және технологиялар институты жүйенің тұрақты жұмысын, оны жетілдіруді және функционалдығын кеңейтуді қамтамасыз етуді жалғастырады. Біздің мақсатымыз - "Транзитті" Қазақстанның транзиттік әлеуетін дамытуға және оның Еуразиялық көлік маршруттарының негізгі буыны ретіндегі рөлін нығайтуға ықпал ететін сенімді және заманауи құралға айналдыру.

Ақпараттық жүйені әзірлеу бойынша жұмыстар толығымен өз қаражаты есебінен жүргізілді және ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестікке арналған сынақтарды қоса алғанда, сәтті аяқталды".

Қоғамдық бақылау объектісі

Институт қолданыстағы заңнама шеңберінде өзара іс-қимылға дайындығын растайды. Аумаққа және үй-жайларға бару Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 2 қазандағы № 30-VIII ҚРЗ "Қоғамдық бақылау туралы" Заңына сәйкес алдын ала жазбаша келісу кезінде мүмкін болады.

Институт сонымен қатар институционалдық инвесторлармен және талдаушылармен диалогқа ашық.

Байланыс ақпараты

"Ғарыштық техника және технологиялар институты" ЖШС мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., 050061, Кисловодская к-сі, 34, тел.: +7 (727) 390-34-88, +7 (727) 221-77-95 E-mail: info@istt.kz

Байланыс тұлғасы: Токмурзин Эрнест Маратұлы, басқару аппаратының басшысы.

Қосымша ақпарат алу үшін мына сайтқа кіріңіз: www.istt.kz

Директор

Ө.Қ. Тойшыбек

DOC ID KZ92Y3L202500007271CA495E1

